

Семей қ мемлекеттік медицина университеті
Тағамтану және гигиеналық пәндер кафедрасы

Елді мекендерді көркейтудегі жасыл желектердің рөлі



ОРЫНДАҒАН: НҰРЛАНОВА МАДИНА 402-ҚДС

ТЕКСЕРГЕН: АМАНТАЕВА Г.Қ

Семей 2016 жыл

Жоспар



- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер



- Қалаларда және басқа елді мекендерде қолайлы санитарлық –гигиеналық жағдай жасаудағы жасыл желектердің маңызы өте зор. Олар микроклиматты жақсартады, атмосфераның зиянды шығарыстармен ластануын және шу деңгейін төмендетеді, адам организміне жалпы ықпал жасап, оның нерв жүйесінің дәрменін көтереді, ғимараттарды және территорияны артық күн сәулесінен тікелей қорғайды.



- Құрғақ, ыстық ауа организмнің шырышты қабығын кептіріп, ал термореттеуші аппаратты әлі қалыптаспаған жас балалардың тіндерін ылғалсыздандырады. Ең ауыр температуралық және радиациялық жағдай жазғы уақыттарда, әсіресе Қазақстанның оңтүстік аймағындағы қалаларда күннің жоғары тұруында, бұлтсыз аспанда, желсіз күндерде құралады. Мұнда да жасыл желектердің рөлі айқын көрінеді.



- Жер бетіне түскен күн сәулелері ұзын толқынды сәулелерге трансформацияланатыны белгілі. Осының нәтижесінде ең жоғары температура топырақтың бетінде байқалады, ал ауада одан төмендеу болып, жер бетінен жоғарылаған сайын ауаның температурасы төмендей түседі. Өсімдігі жоқ топырақ қатты ысиды, және де оның айырмашылығы 7 градусқа дейін, ал Алматының тауларында 10 градусқа дейін жетеді. Оның себебі шөп және жасыл желектердің беттері тақыр жерге қарағанда жылуды 30-50 пайыздан көп шағылыстырады.



- Жасыл желектердің жағымды микроклиматтық және термореттеуші әсері негізінен жер бетінің ең кемінде 50 пайызға жасыл желектермен көлеңкелегенінде білінеді. Тікелей және шағылысқан сәулелердің әсерінің нәтижесінде ашық кеңістікте, жазғы уақытта, адам сырттан артық радиациялық жылу алады, ал жасыл желектер ішінде кері құбылыс жүріп адам сәуле тарату арқылы жылудан айырылады.



- Ірі жасыл желектер ауаның температурасын 11 градусқа дейін жұмсарта алатыны анықталған. Алматы жағдайында қаланың микроклиматына тек ірі көк алқаптар ғана емес, кішігірім квартал ішілік жасыл желектер: гүлбақтар, бау-бақшалар және тіпті бір қатарлы көше ағаштары да әсер етеді, ол ауаның температурасының ашық алаңға карағанда 3,9-7,6 градусқа төмендеумен және салыстырмалы ылғалдылықтың 25 пайызға дейін көтерілуімен байқалады.



- Қарағанды қаласында түскі сағаттарда ашық алаңдарда температура 62 градусқа, сол уақыттарда көп қатарлы жасыл желектің, ішінде 35 градусқа, ал бір қатпарлы ағаштардың ішінде 38 градусқа тең болған. Осы заңдылық желдің жылдамдығының төмендеуінде және салыстырмалы ылғалдылықтың жоғарылауында байқалады. Жердің әр түрлі дәрежеде жасыл желектенбеуі термореттеу процесінің жағдайын көрсететін организмнің физиологиялық реакциясында өте айқын байқалады.



- Жасыл желектенбеген ашық алаңдарда тұратын адамдардың физиологиялық реакциялары организмге едәуір шамада күш түсетінін көрсетеді, ол дененің барлық бөлімдеріндегі тері температурасындағы көтерілуімен, 100гр/сағат дейін ылғал жоғалуымен, тыныс алудың, қан тамырының соғуының жиілеуімен байқалады.



- Өскемен қаласының саяжай және гүлбағындағы ауаның температурасы көшелерге қарағанда бар-жоғы 1,5-2,0 градусқа кем болған, ал салыстырмалы ылғалдылығы 6-10 пайызға көтерілген. Осының негізінде қалада неғұрлым ірі саяжайлады жасау және қоғамдық пайдаланатын жасыл желектердің аудандарын едәуір ұсынылған.



- Жалпы пайдаланатын жасыл желектер тұрғындардың санына байланысты, жаяу және көлікпен алатыны ескертіліп, елді мекеннің аудандары бойынша бір қалыпты орналасуы керек.
- Шектеулі пайдаланатын жасыл желектердің орналасу орындары мекемелердің орналасуына байланысты белгіленеді. Көгалдандыруда тұрғындардың әртүрлі топтарының сұрауларында да ескеру керек.

Пайдаланылган әдебиеттер



- М.М. Шабдарбаева



**Назарларыңызға
Рахмет!!!**